



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 30/56  
29 шілде



www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

*Қала күні*

## ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАДІРЛІ МЕЙМАНДАРЫ!

Баршаңызды «Қала күні» мерекесімен құттықтаймын! Бағыттағы жұмыстарда қалалық әрбір азаматтың еңбегі бар екендігін де естен шығармауымыз керек.

Кез келген ел, кез келген ұлт өзінің Отанымен мақтанады. Сол секілді біздер де Балқаш көлінің жағасында орналасқан қаламызбен мақтанайық.

Біз барлығымыз бірігіп өңіріміздің болашағы үшін атсалысып, жұмыс жасап келеміз. Соның нәтижесінде қаламыз бүгінгідей түрге еніп, жасарып жайнап келеді. Және де біздер осы күнге жеткен жетістіктерімізбен тоқтап қалмаймыз. Сондықтан біздің алдағы жетістіктеріміз бүгінгіден де жарқын болады деген сенімдемін.

Қала экономикасының қазіргі даму деңгейі біздің мақтанышымызға лайық деп есептеймін. Оның дәлелі алдымызға қойған міндеттерді кезең-кезеңімен шешуге қол жеткізіп отырмыз. Ендеше бұл

*Ардақты ағайын!*

Қорыта келгенде, мерекелі күннің мақсаты – тек қана көңіл көтеріп, той тойлау емес, керісінше өткенімізді саралау арқылы болашағымызды бағдарлап, әрбір азаматтың өмір сапасын жаңа деңгейге көтеруге қолайлы жағдай жасауды көздейді.

Сондықтан мерекелік сәтте баршаңызды тағы да «Қала күні» мерекесімен құттықтаймын!

Сүйікті шаһарымызда береке-бірлік нығайтып, құт-мекеніміздің абыройы арта берсін!

*Қала әкімі Н.Ламбеков*

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*А. Исатаев*

ҚАЛА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН



## ДОРОГИЕ ПРИОЗЕРЦЫ!

Примите самые теплые и искренние поздравления с Днем города Приозерск!

Это замечательный праздник, который объединяет всех горожан, тех, кто родился в этом городе, и тех, кто, посетив его однажды, решил связать с ним свою судьбу.

Мы по праву гордимся нашим городом, его славной историей, современными достижениями, верим в его большое будущее.

Сегодня Приозерск живет и развивается, сохраняя и приумножая то, что было создано предшественниками. Без сомнения, в успехах и достижениях родного города есть частичка труда каждого из нас. Лицо любого города определяют его жители. Самоотверженным трудом, промышленными, культурными и спортивными достижениями прославляют приозерцы родной город.

Приозерцев всегда отличало неравнодушие к проблемам города, стремление созидать и трудиться во благо страны. И это

— залог всех наших намеченных планов и преобразований!

Особые слова благодарности хочется сказать нашим ветеранам, почетным и уважаемым жителям города, кто стоял у истоков строительства и вписали немало ярких страниц в его биографию.

Учителя, врачи, предприниматели, инженеры, строители, металлурги, деятели культуры, пенсионеры и молодежь — все мы одна команда. Мы едины, нами движут общие цели, главная из которых — благополучие нашего родного города — Приозерск будет развиваться и радовать нас своими успехами, победами, красотой и уютом!

Желаю вам, дорогие земляки, крепкого здоровья, счастья, мира, добра и благополучия! С праздником! С Днем города!

*Акима города Н.Ламбеков*

*Председатель городского*

*мәслихата А. Исатаев*



**Қала күні**



Биыл қаламыздың 67 жылдығы тойлануда. Жылдан жылға қаламыздың сыртқы келбетінде көптеген жағымды өзгерістер пайда болып,

**ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!**

жаңа үйлердің қабаттары көбейіп, жолдар мен қалалық аулалар қалпына келтіріліп жатыр. Қала тұрғындары да оның жағымды өзгеруіне белсенді қатысатыны өте қуанышты.

Осы мерекені пайдалана отырып, жерлестерімізді, қаланың Құрметті азаматтарын, ардагерлерін, ақсақалдарын шын жүректен Приозерск қаласының Туған күнімен қалалық Қоғамдық кеңес атынан құттықтаймын! Біздің ортақ үйіміз барлығымыз үшін шынымен сүйікті және аяулы екеніне сенімдімін. Қаламыздың одан әрі де өркендеп жақсаруы өз қолымызда.

Қымбатты жерлестер! Сіздерге зор денсаулық пен мол бақыт және қаламыздың одан әрі де гүлдене бер-

руіне шын жүректен тілектеспін!

**Құрметпен;  
Приозерск қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы А.Аринов**

**ДОРОГИЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!**

В этом году отмечается 67-летие нашего города. С каждым годом в облике нашего города появляется всё больше добрых перемен - растут этажи новых домов, приводятся в порядок дороги и городские дворы. Радует, что сами горожане всё активнее участвуют в его преображении.

В этот знаменательный день

от имени Общественно совета города сердечно поздравляю земляков, Почётных граждан, ветеранов, ақсақалов - с Днём рождением города! Уверен, что наш общий дом по-настоящему любим и дорог для всех. И в наших силах сделать так, чтобы он процветал, становился ещё лучше и краше.

Счастья, здоровья и благополучия вам, дорогие Приозерцы! Дальнейшего процветания нашему любимому городу!

**С уважением;  
Председатель  
Общественного совета города  
Приозерск А.Аринов**

**ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!**



Сіздерді қала күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Қаламыз көркейіп, өркендеп өсе берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Баршаңызды Қала күнімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақыт пен береке, ынтымақ пен бірлік тілейміз! Қаламыздың қарқынды дамуына, қоғамдық тәртіпке қосып жатқан үлестеріңізге үлкен алғысымызды білдіреміз.

**Ізгі ниетпен: Приозерск қаласы ПБ бастығы Е.С.Садыбеков және жеке құрамның атынан.**

**ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!**



болғанымызды, біздің күш-жігеріміз, ұмтылыстарымыз, күштеріміз қаламыздың дамуы мен өркендеуіне бағытталсын, әрқайсыңыз өз ісітеріңізде табысты болыңыздар, баршаңызға бейбітшілік пен жақсылық тілеймін!

Уважаемые горожане, поздравляю Вас с Днем города! От всей души желаю, чтобы мы были дружны и едины, чтобы наши усилия, стремления, силы были направлены на развитие и процветание нашего города, чтобы Вы были успешны в своем деле, мира и добра всем Вам!

**Карабеков Сайлау Смагулович,  
Почетный гражданин Республики  
Казахстан, Почетный юрист  
Казахстана и заслуженный  
работник Республики Казахстан.**

**ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР ЖӘНЕ ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!**



Қала күні мерекесі бұл жай ғана аталып өтетін мереке емес. Бұл күнге әкелетін бір жыл ішінде жергілікті атқарушы билік, қалалық мәслихат, мекемелер мен ұйымдар аумақтың экономикасын өркендетуге, оны әртараптандыруға, жергілікті бюджеттің кіріс көзін арттыруға, барлық салада табысқа жетуде тиісті жұмыстар жүргізді. Қаланы абаттандыру, туризм нысандарының көбейуі, жаңадан мәдениет, спорт, білім ошақтарының салынуының қолға алынуы, тұрғын үйлердің көптеп бой көтеруі болашақта

жаңадан жұмыс орындарының мольнан ашылуына, қала халқының, тұрмысының жақсаруына алып келетін игі шаралардың бірі. Мұндай шаралар тек барлық мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қажырлы еңбегімен, оны сапалы және мерзімінде атқаруымен, ең бастысы жұртшылықтың қолдауы мен осы игі істерге тікелей атсалысуымен ғана жүзеге асып отыр.

Бүгін тойланып отырған қаланың кезекті жылдық мерекесіне дейінгі артта қалған жылдар Сіздер үшін жақсылық пен жаңалыққа ізденіс пен ұмтылыс, болашаққа нық сенім жылдары болып есте қалғаны сөзсіз. Алдағы жылға дейінгі қала өмірінің бұдан да мазмұнды, бұдан да үйлесімді болатынына сенім мол.

Приозерск қаласының құрылған күні мерекесімен Сіздерді құттықтай отырып, барлықтарыңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, үлкен жетістіктер мен толайым табыстар тілеймін.

**Мұрат Сағадиұлы  
Орынбеков  
Приозерск қаласы әкімдігі  
жанындағы аумақтық кеңестік  
төрағасы**

Құрметті қала тұрғындары, Сіздерді қала күнімен құттықтаймын! Шын жүректен біздің тату және біртұтас





## ҚАЛА КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Шілде айының 29-жұлдызында Приозерск қаласының орталық алаңында Сарышаған сынақ алаңы мен қаланың құрылғанына 67 жыл толуына орай «Қала күні» мерекесі жоғарғы деңгейде аталып өтті. Таңертеңгі мезгілден бастап шағын алаңда сенбілік сауда жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Базар бағасынан төменірек сатылатын азық-түлік өнімдерін сатып алуға қала тұрғындары әдеттегіден көбірек жиналды.

Қала орталығындағы Мерекелік алаңда күндіз Қазақ күресі бойынша 70 және 90 келі салмақ дәрежесінде өткен белдесуге қаламыздың және көршілес Сарышаған елдімекенінің балуандары күш сынасты. Оны тамашалауға спортсүйер қауым молынан келіп жатты. Аталған спорттық шараның нәтижесі кешке өтетін мерекелік ісшарада белгілі болатыны ескертілді.



Сонымен қатар, қала әкімінің тапсырмасымен тұрғындар үшін дайындалған мерекелік дастарқаннан көпшілік дәм татты. Сондай-ақ қалада алғаш рет «ЕҢ ҮЗДІК КӘУАП» қалалық байқауы ұйымдастырылып, оған алты үміткер қатысты.



Кешкі сағат 20.00-ден бастап мерекелік алаң қала тұрғындарына лық толды. Тұрғындар мерекелік шарада концерттік бағдарлама болатынынан алдын-ала хабардар етілгендіктен, көпшілік халық жиналуы заңды еді. Мерекелік кеш шымылдығын жүргізушілер Жанат Абулова мен Азамат Ернараров ашып, жүргізді. «Көркем-ай» би тобының орындауындағы қазақ биімен басталған керемет кеш келушілердің делебесін



қоздырып, көтеріңкі көңіл-күйдегі сахнада кештің алғашқы құттықтау сөзі Приозерск қаласының әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков берілді. Әкімнің құттықтауынан кейін кезек марапаттауларға берілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023-жылғы 10-сәуірдегі Жарлығына сәйкес, көпбалалы ана Венера Оңғарқызы Рамбергенова және «Күміс алқа» белгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2023-жылғы 24-мамырдағы Жарлығына сәйкес, көпбалалы ана - Құндыз Полатбекқызы Ашилова «Күміс алқа» белгісімен марапатталды.

Сонымен қатар РФҚМ 10-Сарышаған сынақ алаңының бастығы, 03080 әскери бөлімінің командирі, полковник Казаков Алексей Викторович, Приозерск гарнизонының бастығы, 44 әскери бөлімінің командирі, полковник Үмітәлі Серікұлы Бектаев мерекеге жиналған тұрғындарды мерекемен құттықтады.

Күндізгі «Үздік кәуап» байқауында үздік деп танылған қатысушыларды қазылар алқасының төрағасы, «Атамұра» қазақ мәдени орталығының төрағасы Марс Әбулы Сүлейменов Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталады. Олар: «Ақ босаға» дәмханасының иесі Әзімхан Сағатов, «Трактир» Каленская

Ирина, «Сахиль» Аллахверди Сулейманов, «Восток» Тамаил Мамедов және «Мираж» дәмханасынан Гафил Мамедов. «Приозерск қаласының Ең үздік кәуәбі» аталымы бойынша «Мимино» дәмханасының иесі Карапетян Вилли Ашотович болып қазылардың бірауыздан қолдауымен жеңімпаз деп танылды.



Қала күніне арналған жеңілететикалық кростың қорытындысы бойынша жүлдегерлерді марапаттау үшін Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев сахнаға шақырылды. 40 жасқа дейінгі бәсекеде Ондасын Бакберген, Григорьев Александр және Мамедов Сергей ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Қала күніне арналған жеңілететикалық кроста 40-жастан



жоғары санатта Біжігітов Жеңіс, Талагаев Евгений және Лапотышкин Владимир жеңімпаздар аталды.

Приозерск қаласының 67 жылдығын мерекелеу аясында «Қазақ күресі» бойынша өңіріміздің 23 палуаны қатысқан дүбірлі жарыстың күндіз өткені белгілі. 70 келіге дейінгі салмақта 3-орынға Кожин Даурен ие болып, 100 мың теңгелік сертификатпен марапатталады. Екінші орын алған Аркатов Алиасқар 200 мың, 1-орын жүлдегері Садуахасов Айдар 300



мың теңгелік сертификатпен және «Чемпион белбеуімен» марапатталады. «Қазақ күресі» бойынша 90 келіге дейінгі салмақта жеңімпаздарға марапаттарды Приозерск қаласының әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков табыстады. Мұсатай Мирас 3-орын, Айтпаев Қайнар 2-орын және 1-орынды жеңіп алған Дүйсетай Мағди «Чемпион белбеуімен» және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Көптеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің тағдырлары тоғысқан Приозерск қаласы – ынтымақтастықтың, бірлік пен бейбітшіліктің қаласы. Себебі бұл қалада екі мемлекет азаматтары өзара жарасымды ғұмыр кешуде. Өзара түсінушілік пен татулықтың тал бесігіндей болған ару қаламыздың іргесі берік болып, шаңырағы кеңейе берсін. Қаламыздың туған күні құтты болсын! Деген ақ тілектерден кейін жиналған қауым асыға күткен концерттік бағдарламаға кезек берілді. Мұнда қаламызға арнайы Қарағанды мен Алматы қалаларынан келген танымал өнерпаздар, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің «Мерей» үштігі, республикалық байқаулар жеңімпазы, қарағандылық «Үш жүз» тобы, Қуат Дүйсенов, Медеу Шілманов, Ербол Алшынбаев, талантты әнші Айнура Зейден, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы, Жігер Ауыпбаев қала тұрғындарына әсем әннен шашу шашып, мерекенің ғажап көңіл-күйді өтуіне үлес қосты. Мейрамның соңа жастарға арналған би кешіне ұласты.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС VII СЕССИЯСЫ



2023-жылғы шілде айының 27-жұлдызында қалалық әкімдіктің мәжіліс залында Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаевтың төрағалығымен қалалық мәслихатының кезектен тыс VII сессиясы болып өтті.

Сессия жұмысына қала әкімі орынбасарының міндетін атқарушы, мекеме басшылары мен қоғамдық және аумақтық кеңес төрағалары және БАҚ өкілдері қатысты. Сессияда «Приозерск қалалық мәслихатының 2022-жылғы 23- желтоқсандағы № 23/173 «2023-2025-жылдарға арналған қалалық бюджет

туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» мәселе қарастырылды.

Депутаттар бюджетті нақтылау кезінде мемлекеттік сатып алудан үнемделген және бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтудан келіп түскен қаражаттар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында қайта бөлінді. Бірінші кезекте қала тұрғындарынан әлеуметтік желілер, жеке қабылдаулар арқылы келіп түсіп жатқан мәселелер мен қала тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақ

сартуға бағытталған негізгі және шұғыл түрде шешім қажет ететін ішараларға қаражаттар бөлінді. Оның ішінде қала тұрғындарын сапалы жылумен, ауыз су, кәріз жүйесі сияқты коммуналдық шаруашылық саласына қолдағы бар қаражаттың ауқымды бөлігін, яғни 62%, әлеуметтік салаға 15%, туризм саласына 6%, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 2% және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің күрделі шығыстары мен мемле



кеттік органдарды күтіп-ұстауға 15% қаражат қарастырылды.

Сессия соңында мәслихат төрағасы бюджетті нақтылау кезінде қаржыны талап ететін ішаралар барысымен танысу мақсатында көшпелі кеңестер мен отырыстар өткізіп, аталған бюджет жобасын мақұлдағандары үшін депутаттарға алғысын білдірді.

Осымен Приозерск қалалық мәслихатының кезектен тыс VII сессиясы өз жұмысын аяқтады.

*М.ИСАТАЙ*

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ 2023 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Приозерск қаласының Қоғамдық кеңесі 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 5 отырыс өткізді. Осы отырыстарда әр түрлі мәселелер бойынша 9 мемлекеттік органдардың есептері, ақпараттары талқыланып қарастырылды, олар:

1. «Приозерск қаласының 2022 жылғы бюджетінің орындалуы туралы» Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімінің есебі;

2. «Жер қатынастары саласындағы заңнама талаптарының сақталуы туралы» Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің есебі.

3. «Қалада қаңғыбас иттер мен мысықтарға арналған питомник салу мәселесі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы» «Балқаш қаласының ветеринариялық станциясының» Приозерск қаласындағы филиалының ақпараты.

4. «Приозерск қаласының жұмыспен қамту орталығымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы туралы» Приозерск қаласының халықты жұмыспен қамту орталығының есебі.

5. «Қалада діни экстремизм көріністерінің алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімінің есебі.

6. «Приозерск қаласының санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы туралы» Приозерск қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бакы-

лау басқармасының ақпараты.

7. «Қаланы абаттандыру және көгалдандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстары және автомобиль жолдарының жағдайы туралы» Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің есебі.

8. Приозерск қаласы әкім аппаратының Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы туралы» Приозерск қаласы әкім аппаратының Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің есебі.

9. «Әлеуметтік маңызды тауарларға бағаны тежеу және тұрақтандыру қорын құру туралы» Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің есебі.

- жыл басынан 9 НҚА бойынша сараптамалық қорытынды дайындалып мемлекеттік органдарға жіберілді;

- бір заңды тұлғадан түскен өтініш бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ хат жолданып жауабы тиісті мекемеге жіберілді;

- жеке тұлғалардан түскен өтініштер болған жоқ.

*Приозерск қаласы  
Қоғамдық кеңесінің төрағасы  
А.Аринов*

## ТҰРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА!



Қала тұрғындарының түйткілді мәселелері қала әкімінің жеке тапсырмасына орай барлық құзырлы орындар басшыларының әрқашан назарында. Халықтың талабына қарай арнайы ашылған «ПРИОЗЕРСК Chat» телеграмм чатына келіп түскен қала тұрғындарының шағымдарына сәйкес қалалық мәслихат депутаттары, Приозерск қаласының полиция бөлімінің басшылық құрамы және қала әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысымен бірлесіп қаламыздың орталық алаңында электр самокаттарын жалға беруші кәсіпкерлермен және де электр самокатын пайдаланушы қала тұрғындары арасында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол

жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға шағын электр көлік құралдары мен электр самокаттарды пайдалануды регламенттеу бөлігіне заңнамалық түзетулер енгізілгендігі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, кәсіпкерлер орталық алаңда кәсіптерін кедергісіз жүргізу мақсатында электр қуатын алатын қосымша тоққа қосылу нүктелерін қарастыруды сұрады. Аталған мәселе мәслихат депутаттарының назарына алынып, жергілікті атқаршы органмен бірлесіп шешу жолдары қарастырылатын болады.

*Н.ЖАЛМАҒАМБЕТ*

## ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



Жаздың ыстық, жанға жайлы шуақты күндері көзді ашып-жұмғанша өтіп кетіп, оны сұрғылт күз келіп алмастырады. Оның арғы жағындағы қылышын сүйрете жететін қыс мезгілімен қауышар сәт те таяп тұрады. «Кәрі құда» қатал мінезін танытқанда жағдайдың қалай өрбитінін ешкім болжай алмайтыны түсінікті. Оның қаһарына, қыңыр қылығына төтеп беру әрине, жан-жақты дайындықта талап етері хақ. Қалалық әкімдік, тиісті мекемелер мен тұрғын үйлерге қызмет көрсететін мекемелер қыстық қамын жазда ойластыруда ма? Міне, осы мәселелердің мән-жайын тереңірек білу мақсатында «АРАІ2017» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Болат Қыпшақбаевпен хабарласып, бүгінгі таңда атқарып жатқан жұмыстарымен танысу және қыс науқанына дайындықтары туралы айтып беруін өтінгеміз. «АРАІ2017» мекемесі қазіргі таңда 27 көп қабатты тұрғын үйлерге сервистік қызмет көрсетеді. Біздің мекеме қазіргі таңда 2023-24-жылдардағы жылу беру, коммуналдық қызмет көрсету маусымына қызу дайындық үстінде. Ағыбай батыр, Абай көшелеріндегі 11, 9, 7, 3 үйлердің жылу, су, кәріз жүйелерін жаңарту жұмыстары жүруде. Сонымен қатар электр жарықпен қамтамасыз ететін инженерлік жүйелерін және электро шиттерін тексеру, жаңарту жұмыстары тиянақты орындалуда. Алдағы қыркүйек айының соңына дейін 27 көп қабатты тұрғын үйлердің инженерлік жүйелеріне жөндеу жұмыстарын аяқтаймыз деген үміттеміз. Жыл он екі ай тұрғын үйлердің кіре берістері мен ауласын таза ұстау мақсатында әр аптаның бейсенбісі күні таза бейсенбілік шарасы атқарылуда. Тұрғындардың арыз-шағымдарын тез арада қабылдап, тиісті органдарға тұрғындар атынан хат

жолдап, оң шешімін тауып жатқан жағдайымыз бар. Тұрғын үйдің инженерлік жүйелеріне қатысты электро, кәріз, суық су және жылу жүйелеріне қажетті саймандар алынды.

Тәулік бойында тұрғындардың тапсырыс қабылдап, мамандарды жіберіп, жұмысын қадағалайтын диспетчерлік қызмет құрылған. Сонымен қатар кезекші мамандарымыз тәулік бойында қызмет көрсетеді. Тұрғын үйлердің аға үй жетекшілерімен және қалалық ішкі істер органдарымен келісіп, қоқыс тастаушылармен ортақ мүлікті бүлдіруіне жол бермеу мақсатында құрылған ватцап чатымыз бар. Әрбір атқарылған жұмыстарымыз қалалық телеграм чатқа жіберіліп отырады. Аталған чатқа түскен арыз шағымдарға дер кезінде жауап беріліп, сол мәселенің шешілуін қадағалайтын және уақытылы қалпына келтіру үшін бекітілген маман бар. Нәсіп болса, күз айының басына дейін қысқа дайындыққа сақадай сай боламыз деп жоспарлап отырмыз», - деді өзіне және ұжымына сенімді түрде.

Иә, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қыстың қамына қазірден дайындалып, ұжымның ұйымшылдықпен жасап жатқан жұмысы мен тиянақтылықпен жүргізіп жатқан тірлігіне қарағанда, «АРАІ2017» ЖШС-і алдағы қыста тұрғындарды қиналдырмайтын, өздерін де ұятқа қалдырмайтын секілді.

Бірлікті істің берекесін берсін!, - деген тілекті арнаймыз бұл мекеме ұжымына. Қыс – салғырттықпен қателікті кешірмейтін қатал сыншы. Халқымыз «Қыстың көзі қырауда» дейді. Қалай болғанда да, кім-кім де алдағы қытымыр кезеңге сақадай-сай болғаны абзалырақ.

**Нұрғали  
ҚАРАБЕКТЕГІ**

## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ- ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ БАСТАУЫ



Бүгінгі таңда діни экстремизм мен терроризм сөздерін естімеген адам аз шығар. Баспа немесе ғаламтор беттерінен шет елдердегі және Қазақстандағы діни ахуал, соның ішінде діни экстремизм мен терроризм тақырыптарына қатысты мәліметтер жетерлік. Діни экстремизм мәселесі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Қазірде діни экстремизм мен терроризм ұғымы ислам дініне таңылған қауіпті қосымша екендігі өкінішті ақиқат болып отыр.

Жалпы діни экстремизмнің қай аймақта болмасын дінге деген сауатсыздық. Дінге толық таныммен келмеу діни сауатсыздықтың басты көрінісі болып отыр. Тұрғындардың арасында, әсіресе жастардың өзгелерге еліктеуі, белгілі бір топтың мүшесі болуға деген ынтасы соқыр сенімге негізделген діншілдікке әкеледі.



Ал қазіргі ислам атын жамылып келіп жатқан діни ағымдардың негізгі көздеген мақсаты – еліміздің тыныштығын бұзу, тұрақтылығымызға іріткі салу. Мұндай ағымдардың жетегінде жүрген, кіріп кетіп жатқандары да қаншама.

Кітапхананың оқу бөлімінде «Діни экстремизм – діни экстремизмнің бастауы» тақырыбында әңгіме шолу өткізілді. Шара мақсаты жастардың діни сауаттылықтарын арттыру, жат ағымдардан сақ болуға

және отан сүйгіштікке тәрбиелеу;

Іс-шара барысында дәстүрлі емес діни ағымдардың сипаттары, экстремизм, терроризм туралы айтылды. Жат діни ағымдар адам санасын улайтыны және осы арбаудан арылу жолдары туралы тереңінен түсіндіріліп, терроризм мен экстремизмнің алдын алу және онымен күресудің жолдары, елімізге келтіретін зардаптарын жан - жақты талдап, жастарды қатер төндіретін жат діни ағымдардан сақ болуға шақырды. Оқырмандар назарына «Діни экстремизм – діни экстремизмнің бастауы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазіргі ақпараттың жеттік дамыған уақытында ақпараттық ресурстарды қолданып осы мәселе жөнінде ғылыми танымдық әдістемелер жасау, елдегі болып жатқан діни мәселелердің себептерін ашып көрсетіп, халықты дұрыс

мәліметпен қамтамасыз ете алсақ өз жемісін берері сөзсіз. Сонда ғана еліміз өркендеп, сауатты азаматтарымыз көбейіп, мемлекетімізді теріс діни ағымдардан сақтап қаламыз. Сондықтан қазіргі қоғам халықтың діни сауатты болғанын талап етеді. Бізге діни сауат ауадай қажет екенін түсінетін кез келді...

**Оқырмандарға қызмет ету  
бөлімінің кітапханашысы  
Г.О Тельтаева**

## «СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ

Өңірімізде «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметін «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-і көрсетеді.

«Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Ережесіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде болып табылады.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы (мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы (мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) жүзеге асырылады. Ішінара автоматтандырылған деуіміздің себебі – көрсетілетін қызметті алушы электрондық нысанда ұсынған ресми құжаттың түпнұсқасын тексергеннен кейін қызмет көрсетуші көрсетілетін қызметті алушы тағайындалған уақытта ресми құжаттың түпнұсқасын ұсынғаннан кейін ғана құжатқа апостиль қояды.

Аталған мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 615-бабының 7) тармақшасына сәйкес әрбір апостиль қойылатын құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алынады. (АЕК:2 = 3450: 2 = 1725 теңге).

Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы мынадай деректемелер бойынша төленеді:

Бенефициар – «Қарағанды қ. Қазыбек би ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ БСН – 950740000498

ЖСК – KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті БИК – KKMFKZ2A

Салық органының коды – 302001

ТТК – 911

КБК – 108125

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі:

1) «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Ережесінің 1-қосымшасына сәйкес өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) апостиль қою үшін ұсынылатын сот органдарынан шығатын ресми құжат;

4) көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші тұлға білдірген жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат (салыстыру үшін);

5) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі (егер ауысым Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды);

6) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда).

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық өтініш;

2) апостиль қою үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі);

3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

4) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) ауысқанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, егер ауысым Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды).

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

*Приозерск қалалық сотының Әкімшісінің басшысы  
Д.А.Сатыбалдин*

## МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ КАДРЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес: меритократия қағидатын сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің «позициялық» моделіне (нақты лауазымдар үшін кандидаттарды іріктеу) көшу ұсынылады. Бұл үшін персоналды басқарудың стратегиялық бағыттылығы, инклюзивтілік, кешенділік, жүйелілік және икемділік қағидаттарында қалыптастырылған мемлекеттік органның кадрлық стратегиясы мен кадрлық жоспарлауын енгізу маңызды құрамдас болады.

Бұл ретте позициялық тәсіл кадрлық саясатты мемлекеттік орган қызметінің мақсаттарына сәйкес келтіруге, ал ұйымды басқару ұйымның негізі ретінде адами әлеуетке негізделуге тиіс персоналды басқару функционалын қайта құруды талап етеді.

Кадрлық жоспарлау процесінде мемлекеттік органдарда 4 кезең белгіленуі мүмкін.

Бірінші кезең - мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын немесе аумақтарды дамыту бағдарламасын талдау;

Кадрларды жоспарлаудың екінші кезеңі - ұйымның персоналға деген қажеттілігін болжау;

Кадрлық жоспарлаудың үшінші кезеңі - мемлекеттік органның ішкі кадр ресурстарының жай-күйін бағалау;

Кадрларға өсіп келе жатқан сандық және сапалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін мемлекеттік органның (ұйымның) өзіндік мүмкіндіктері жиі жеткіліксіз болғандықтан, кадрларды жоспарлау әрдайым жұмыс күшінің сыртқы көздерін зерттеуді және бағалауды қажет етеді.

Кадрлық жоспарлаудың төртінші кезеңі - жоспарларды дайындау, мемлекеттік органды қажетті кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі барлық міндеттер кешенін айқындау.

Сонымен қатар, стратегиялық кадрларды жоспарлау персоналды басқарудың барлық циклдарын қамтиды: жоспарлау, тарту және іріктеу, оқыту және бағалау, тұрақтылық және мансаптық ауысу және т. б. және персоналды дамыту жоспарының болуын болжайды (ұйымның белгілі бір кезеңдегі мақсаттарына жету үшін адам ресурстарын сандық және сапалық қамтамасыз етудің барлық негізгі әрекеттерін сипаттайтын құжат), соның арқасында жоспарды әзірлеу кезеңінде қажетті ресурстар көрінеді.

Бірақ, мемлекеттік органда кадр қызметкері мен HR-менеджері арасында айырмашылық бар ма? Көбінесе персоналды басқару қызметі қызметкерінің міндеттері мемлекеттік қызмет және еңбек заңнамасы саласындағы заңнама шеңберінде ғана функцияларды орындауға (конкурс өткізу, бағалау, оқуға жіберу, тағылымдамадан өту, бұйрықтар дайындау және т.б.), сондай-ақ басшылықтың тікелей тапсырмала-

рын орындауға байланысты болады.

Әдетте, кадр маманының жұмысы құжаттармен байланысты. Оның міндеттеріне мыналар кіреді: жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, ауысу туралы бұйрықтар, демалыс, жұмыс уақыты мен әскери есеп табелін жүргізу, кесте құру және т.б. Осылайша, кадр қызметі негізінен кадрлық құжат айналымын бақылайтын көмекші құрылым болып табылады.

Қазіргі уақытта бұл функцияларды Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің персоналды және кадр әлеуетін басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі болып табылатын «Е-қызмет» БІАЖ сәтті орындайтынын атап өткім келеді.

Енді HR - менеджері қандай функцияларды орындайтынын анықтайық. Егер біз «менеджер» сөзінің мағынасы туралы айтатын болсақ, онда ол ағылшын тіліндегі «басқару» етістігінен шыққан, «маман» сөзінің мағынасы, белгілі бір мамандық саласындағы қызметкер. Бұл HR- менеджері белгілі бір дәрежеде қызметкерлерді «басқарды», ал кадр қызметкері көбінесе орындаушы лауазымы екенін көрсетеді.

HR мамандарының міндеттерінің ауқымы өте кең: олар кадрларды іріктеу, оларды бейімдеу, бағалау, оқытумен айналысады. Олар (көбінесе бөлімше басшыларымен бірге) компанияда мотивация жүйесін дамытады, компания қызметкерлерінің еңбек тиімділігін бағалайды. Олар, сондай-ақ «жұмыстан кету» себептерін анықтап, онымен күресуі керек.

Кадр қызметкері – HR - менеджері жұмысының бір бөлігі. HR -дың жұмысы әлдеқайда кең және көлемді, ол тек іріктеуден ғана емес, сонымен қатар, жұмыспен қамту, кадрлық іс жүргізу, жалақы, мотивация, қызметкерлерді дамыту және оқытудан тұрады.

HR - менеджердің негізгі қасиеттері: кең ой - өріс, білім тереңдігі, ішкі клиентке бағдарлану, оқу қабілеті және алған білімдерін практикада қолдану.

Тісінше, кәсіби өсу үшін негізгі білімге не болу ғана емес, сонымен қатар үнемі білім алу, жаңа әдістер мен тәжірибелерді игеру, талдау, себеп-салдарлық байланыстар құру, мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдерін іздеуі қажет.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары HR қабылданған шешімдер үшін барлық жауапкершілікті басқа орындаушылармен бөлісетін, олармен бірге Басқару стратегиясы мен тактикасын дамытатын және олармен бірге нәтижеге жауап беретін серіктес ретінде көруі керек.

Сіз қандай шешім таңдайсыз – техникалық жұмысты орындайтын көмекшінің рөлі немесе серіктес болу, яғни басшының оң қолы, Сіздің мемлекеттік органның ең маңызды стратегиялық жоспарларын орындауға көмектесетін маңызды адам. Дұрыс таңдау жасау өз қолыңызда!

*Приозерск қаласының әкімдігі*

## МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН



Күллі алаш жұртының даңқты перзенті, күрескер тұлғалы кеменгер ақыны – Мағжан Жұмабаев (Әбілмағжан Бекенұлы). «Ақынның ақыны» атанған ойшыл қаламгер болашақ жайлы жиі ой қозғайтын. Бар болғаны қырық бес жыл ғұмыр кешкен (1893 жыл 25 маусым – 1938 жыл 19 наурыз) данышпан ақын барлық тақырыптарда өлеңдер мен ой-толғаулар жазған аса көрнекті дауылпаз азамат екені мәлім.

ымызша, өлмес өлең жазып, күндер, жылдар өтсе де құндылығын жоймайтын жырларды ескерткіш етіп қалдыру нағыз ақынның бақыты болса керек. «Ақ ниетті, пәк тілекті жалындаған жастар қауымы ұлтымыздың кемел келешегінің иесі екендігін әрдайым есте ұстау керектігін ескертеді. Мағжан келешек жастардың мейірім мен қайырымға бөленген тамаша мінезін, ананың ақ сүтінен нәр алған кір



Ақын, Алаш қозғалысының мүшесі Мағжан Жұмабаевтің туғанына биыл 130 жыл. Сөз зергері, жастарға сенемін деп ұрандаған Алаш ардақтысы, тау тұлға Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына кітапхананың балалар бөлімінде «Мен жастарға сенемін» атты тұлғатану сағаты өтті. Аталмыш іс-шараға 7 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: оқушыларды Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын таныту арқылы оның ақындық тұлғасы мен философиялық ойларынан нәр алу;

Кітапханашы оқушыларға ақынның өмірі мен шығармаларын таныстырып өтті. Оқушылар «Мен жастарға сенемін» атты өлең оқыды. Іс-шара барысында «Мен жастарға сенемін» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Мен жастарға сенемін» деген өлең жолдарынан үлкен ғұламалықты байқауға болады. Біздің ой-

шалмаған таза жүрегін, жеке мүлде мен жалқы пенделіктен аулақ қасиетті тілегін армандайтынын өлең жолдары арқылы жеткізген.

«Мен жастарға сенемін»- деген бабалардың асыл мұратын ту етіп көтеріп, замана ауанын қапысыз меңгеріп, алаш жұртының мақтан егерлік ұлағатты ұрпағы бола алсақ қана алаш қайраткерлерінің бізден күткен үмітінің ақталғаны деп білемін! Жас ұрпаққа айтарым: Елі үшін еңбек етер, мұратқа талмай жетер, балғын бала шақтан нұрлы болашаққа жарқын қадам жасайтын егеменді ел ертеңі сендер екендеріңді жадыларына сақтаса деймін, тәуелсіз елдің ұлдары!!!

**Ж.Кулмиева,  
«Приозерск қалалық  
кітапханасы» КММ  
балалар бөлімінің  
кітапханашысы.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАЛУЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік аппараттың алдында бекітілген міндеттерінен бөлек, жұмыскер ретінде заңнамамен көзделген құқықтары да бар екені мәлім (өз міндеттерін жұмыс уақытында атқару, демалыс алу, үстеме жұмысты бекітілген тәртіпте іске асыру және т.б.).

Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен және оның аумақтық бөлімшелерімен мемлекеттік қызметшілердің артық жұмыс жасауына мониторинг жүргізіледі. Себебі, мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту олардың құқықтарын бұзылуына алып келуі мүмкін.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменті осыған дейін кіруді басқару және басқару жүйесі (КББЖ) арқылы артық жұмыс жасауына мониторинг жүргізіп, осындай фактілер орын алғанда ақпаратты Еңбек инспекциясына жолдайтын болған.

Енді, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган аталған бағытта мемлекеттік органдарға бару арқылы мониторинг жүргізу, жоспардан тыс тексеріс тағайындау және бұзушылық анықталған жағдайда әкімшілік істі қарау функциясымен күшейтілді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №121 бұйрығымен Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді.

Аталған Қағидаларға сәйкес Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен мемлекеттік органдарға бару арқылы 2023 жылға арналған мониторинг жоспары бекітілді.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан тыс уақытта жұмыс орнында болу фактілері уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларымен актіленетін болады. Қажет болған жағдайда мемлекеттік органға бару арқылы жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу үшін әдеп жөніндегі уәкілдер мен қоғам өкілдері тартылуы мүмкін.

Жұмыс уақытының нормасын заңсыз асырғаны үшін мемлекеттік органдардың басшыларын (жұмыс берушіні) әкімшілік жауапкершілікке тарту заңнамамен айқындалған (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 89-бабы).

Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері еңбек заңнамасын-

да көзделген жұмыс уақытының және күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) қалыпты және қысқартылған ұзақтығын заңсыз асырғаны үшін жұмыс берушілерге қатысты әкімшілік істерді қарау құзыретіне иеленді (мемлекеттік қызметшімен қарым-қатынастағы жұмыс беруші жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде).

Аталған бағыттағы өзгерістер туралы мемлекеттік органдардың жауапты қызметшілері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, олар аталған талаптарды сақтау қажет екені туралы ескерілді.

Жалпы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс көлемінің үлкен болуына байланысты және тағы басқа да жағдайларда артық жұмыс жасау заңнамамен реттелген. Бірақ, ол бекітілген тәртіпте ресімделуі тиіс.

Сондай-ақ, үстеме жұмыстар әрбір жұмыскер үшін тәулік ішінде – екі сағаттан, жалпы ұзақтығы жұмыс уақытын жиынтық есепке алуды белгілеу кезінде төрт күндік, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасында айына он екі сағаттан және жылына бір жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс (Еңбек кодексінің 78-бабы).

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №120 бұйрығымен Мемлекеттік қызметшілер үшін қашықтықтан жұмысты, аралас қашықтықтан жұмысты, икемді жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеуді қолдану қағидалары бекітілді.

Аталған Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметшілермен қашықтықтан жұмысты, аралас қашықтықтан жұмысты, икемді жұмыс жасаудың тәртібі реттелген.

Осыған орай, мемлекеттік қызметшілердің жұмысын ұйымдастыру барысында жоғарыда аталған талаптарды ескеріп, оларды сақтау маңызды. Себебі, мемлекеттік қызметшілердің өз құқықтарын сақтамау, кәсіби мемлекеттік аппаратты құруға өз кері әсерін тигізуі ықтимал.

Өз кезегінде, аталған бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен бақылау күшейтілетін болады.

**Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігінің Қарағанды облысы  
бойынша департаментінің  
Мемлекеттік қызмет  
саласындағы бақылау  
басқармасының басшысы  
Б. Макеев**

## АҚҚОШҚАР БАТЫР

Жасырып көмген дейді әулиені,  
Кейінде жездем іздеп барған еді.  
Бұл күнде ол кісиде бақиға озған,  
Құп көрсен мен жырлайын білгенімді.

Баян қып отырғаным қыйлы заман,  
Бір тарих өткен екен ала-сапыран.  
Сол тарих қойнауына үңілейін,  
Пәндеге тағдыр жазған қандайынан.

Ұрпағы белгі қойды ізін тапқан,  
Басына күмбез тұрды нұр шағылған.  
Кенжеғұл, Бекет, Нұрлыбек азаматтар,  
Әулие бабасына дұға қылған.

Осылай бұл жырымның әлқиссасы,  
Тереңдеу бір аңыздың бұлақ басы.  
Ал тыңда сәтін салсын бір Алла жар,  
Баласы Ақеділдің би Аққошқар.

Бастауын айтар болсам ар жағынан,  
Көкбөрі Керней бабам Алашқа аян.  
Қазақта хандық құрған замандарда,  
Нас батыр ел-жеріне қорған болған.

Қазақтың тұғырында ұлылар хан,  
Төле мен Төлеңгіттер қоршалаған.  
Қаншада қасиетті болсадағы,  
Қараша батырлармен даңқы шыққан.

Төреден хан тараған талай, талай,  
Шыңғыстың нәсілінен хан Абылай.  
Солардың соңғысы еді Кенесары,  
Замандас Кернейлермен болған ұдай.

Төбесіз бел болмайтын қайран далам,  
Төресіз ел болмайды дейтін бабам.  
Басынан дұшпан сөзі асып кетсе,  
Төре емес ханыңа да бас ұрмаған.

Төремен талай болдық жанжалдасқан,  
Білерсің бір аңызды “Саржан қашқан”.  
Бәйімбет, Бораншының намысы үшін,  
Кернейде қарт Бодықтың аты қалған.

Төреге тәкаппарлық сын болған ба,  
Қараға қырын қарау мін болған ба?  
Сондайбіржайсыздаудед(і)Саржантөре,  
Талқаны таусылған дей-  
д(і) Ташкент жақта.

Батыр көп бұл Кернейде білер Қазақ,  
Төресін ту көтерген бетке ұстап.  
Аңырақай, Қазақ-Қалмақ соғысында,  
Өтті ғой, Абылайлап ер Жарылғап.

Кернейді Көкбөрі деп ардақ еткен,  
Кернейге киелі ғып төрт ұл берген.  
Үйсіннің Қанай биі ол да әулие,  
Төрт ұлдың болашағын болжап кеткен.

Аттары Дау, Самырза, Шаң, Балапан,  
Ер туған ұлдар еді жау қаймыққан.  
Аққошқар Ақеділдің бел баласы,  
Тараған осы рудың Балтасынан.

Айтпасаң ұмыт болып қалар бәрі,  
Жырымның осы еді ғой бір айтары.  
Тар заман тағдыры өткен тарлан болып,  
Осы жұрт білеме екен Аққошқарды.

Биболған,өзжұртындастаршынболған,  
Азулы ер жолбарыстай алдырмаған.  
Аруакты бабамның парасаты,  
Кәрсөн, Керней еліне бірдей болған.

Ол кездер мың сегіз жүз отыз сегіз,  
Құт келсе төлдеуші еді қойлар егіз.  
Бақ шіркін басқа жұртқа көштіме екен,  
Қазаққа ақпатшадан төнді соғыс.

Сәні еді Кәрсөн-Керней салтанаты,  
Аққошқар ел ағасы деген шағы.  
Қысқанда қос өкпеден Қоқан, Орыс,  
Хан Кене жасағына қосылғаны.

Хан еді Кенесары текті төрем,  
Ел үшін ат үстінде өмір кешкен.  
Алашқа азаттықты әперем деп,  
Тақтың да дәмін татпай қайран кеткен.

Басталды ұлы дала бір төңкеріс,  
Бар Қазақ көтерілді ерде намыс.  
Жиналған хан қолына Отан қымбат,  
Ақтау мен Ақмолаға салды ұрыс.

Абадан айбарлы ер Аққошқардай,  
Бұқарбай, Төлебаймен ер Ағыбай.  
Төреден ер Наурызбай ұран салса,  
Тұра ма нас батырлар қамал бұзбай.

Кернейдің сарбаздары сайыпқыран,  
Садағын сағымға ілер кере тартқан.  
Алынбайтын Ақтаудың бекінісін,  
Бір сәтте жай түскендей отқа ораған.

Ақмола Қараөткелдің жағасында,  
Батырлар жатыр тыныш моласында.  
Қан жұтқан қазақ үшін осы соғыс,  
Созылған он шақты жыл шамасына.

Таптатпай Қазақты орыс патшасына,  
Сыйынып хан Абылай атасына.  
Сан кезді Сарыарқаның ен даласын,  
Соғыс сап Қырғызға да тау басына.

Әскерге жиналсын деп азық малдан,  
Ханынан қарасына жарлық болған.  
Айтпасаң айтар сөздің атасы өлер,  
Сол кезде бір келеңсіз жағдай болған.

Төренің тарлығы бар кек сақтаған,  
Жақсылық қылғаныңды тез ұмытқан.  
Аққошқар көкшұбарлы жылқылы еді,  
Сәті кеп соған төре қысас қылған.

Бір жолы сапарында жолай өткен,  
Сылтауы ханға сәлем бермедің деп.  
Шақырды сонда ашуды Кенесары,  
Ханға қарсы шығар деп қай өлермен.

От түсті хан мен қара арасына-ай,  
Сынадау қиын кезде жаппар Құдай.  
Төренің төрелігі болғанымен,  
Аққошқар ар-намысы асқар таудай.

Хан Кене Ағыбайға бұйырады,  
Бардағы шауып кел деп Аққошқарды.  
Керней мен Шұбыртпалы түбі аталас,  
Ағыбай қиянатқа бара алмады.

Ішінде Кенесары қыжыл қалды,  
Бопайдың төлеңгітін айдап салды.  
Үш мәрте оң сапарлы болмаған соң,  
Ашу қысқан Наурызбай өзі барды.

Қолында Наурызбайдың улы найза,  
Көп әдістің бірімен асырды айла.  
Аққошқар алдырмайтын арлан еді,  
Түскені-ай улы найза жарасына.

Ағасы Ақботаның наласы ма,  
Кім білген теріс берген батасы ма?  
Өзіде секем қылып жүруші еді,  
Жол таппай ағасының ырзасына.

Қапыда Аққошқарға аттан түскен,  
Жұрт айтад Кенесары қатты өкінген.  
Жараулы жауға салар батыр еді,  
Не шара болған іске өкінгенмен.

Тарихтың аңыз болып сөресіне,  
Келместің кеткен мініп кемесіне.  
Кернейдің батыр туған бір ұлы еді,  
Атағы Аққошқардың ел есінде.

Құлақта жазық жоққой естігенге,  
Тоқтаған тура сөздің төресіне.  
Қазағым хан көтерген Кенесары,  
Ол дағы опат болған жат жерінде.

Сенерсің, мейлі сенбе дегеніме,  
Білдірген болып жүрмін білмегенге.  
Бабалар риза болсын аруағы,  
Айтарым міне осы ертеңіме.

**Құлназар Абдухас.**  
**Бұрылбайтал ауылы.**  
**27/05/2023 жыл**



### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:  
Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.  
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.  
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

### ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06

График приема граждан:

Акима города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов  
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов  
Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

## СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ (ДУБЛИКАТ)

"Устав Коммунального государственного предприятия "Центральная больница города Приозерск" Управления здравоохранения Карагандинской области, утвержденный приказом ГУ "Управление финансов Карагандинской области" от 03.06.2013 года за №159, в связи с утерей.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,  
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,  
38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,  
«Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №30/56, Таралымы:500 дана, пішімі:  
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі  
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми  
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-  
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар  
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-  
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-  
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-  
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.